

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР
БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ
ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы

**БРАЙЛЬ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚУ МЕН ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУ:
ГРИФЕЛЬ МЕН КОЛОДКАДАН ЭЛЕКТРОНДЫ БРАЙЛЬ
ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА ДЕЙІН**

зағип және нашар көретін балалармен жұмыс істейтін
тифлопедагогтарға, тәрбиешілерге, мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне,
бастауыш сынып мұғалімдеріне

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыбы.....	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру	10
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	11
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау	12
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу	13
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	13
11. Күндізгі оқу нысанындағы курстың тақырыптық жоспары.....	16

1. Жалпы ережелер

1.1. «Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуға үйрету: грифель мен колодкадан электронды брайль құрылғыларына дейін» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыратын педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатында әзірленген.

1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасы, білім беру саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес, барлық балалардың психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең құқықтарына кепілдік береді. Мүмкіндігі шектеулі, соның ішінде көру қабілеті бұзылған білім алушыларға ерекше көңіл бөлінеді.

1.3. Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы) сәйкес әзірленді.

1.4. Көру қабілеті бұзылған білім алушылармен жұмыс істейтін педагогтерге (181 респондент) жүргізілген сауалнама талдауы мынадай негізгі қажеттіліктер мен қиындықтарды көрсетті: сауалнамаға қатысқандардың 57%-ы көру қабілеті бұзылған балалармен түзету жұмыстарын жүргізу әдістемесін білімнің маңызды түрі деп санайды; қатысушылардың 25%-ы Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуға үйрету тақырыбын таңдап, бұл бағытқа барынша қызығушылық танытты; көру қабілеті бұзылған балалар үшін арнайы жеке жағдайлар жасау (34%), жеке бағдарланған оқыту технологияларын іске асыру (24%); 78 респондент (43%) арнайы оқу материалдарының өткір жетіспеушілігін, ал 46 респондент (25,4%) оқытудың техникалық құралдарының жоқтығын атап өтті; респонденттер арасында біліктілікті арттырудың ең кең таралған түрі дәстүрлі курстар болып қала береді (82,3%); тифлопедагогтердің көпшілігі үшін курстарды ұйымдастыру кезіндегі ең маңызды фактор - практикаға бағдарланған мазмұн (53%) болып табылады, бұл практикалық жұмыстың маңыздылығын айқындай түседі.

Деректер заманауи оқыту тәжірибелері мен әдістемелеріне жоғары қызығушылық бар екенін дәлелдейді, бұл біліктілікті арттыру бағдарламаларындағы практикалық бағытты жаңарту және күшейту қажеттілігін көрсетеді.

1.5. Бағдарлама білім алушылардың жасын, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі (грифель, колодка) және заманауи электронды Брайль құралдарын (Брайль дисплейлері, Брайль пернетақталары және Брайль бағдарламасы бар құралдар) пайдалана отырып, Брайль қарпімен оқу мен жазуды түзету-дамыта оқытудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған.

2. Глоссарий

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Бейімделген оқу құралы	Көру қабілеті бұзылған балаларға арналып бейімделген оқу немесе әдістемелік құрал.
Брайль қарпі	Зағип және нашар көретін жандарға арналған, әріптерді, сандарды, тыныс белгілерін және арнайы символдарды бейнелейтін бедерлі-нүктелі жазу жүйесі.
Брайль нүктесі	Таңбаларды қалыптастыру үшін қағазда немесе электронды құрылғыда жасалатын бедерлі белгінің элементі (нүкте).
Брайль дисплейі	Мәтінді компьютерден немесе смартфоннан бедерлі Брайль қарпінде оқуға арналған электронды құрылғы.
Брайль машинкасы	Мәтінді Брайль қарпімен енгізуге арналған механикалық немесе электронды құрылғы.
Грифель	Брайль жүйесімен дәстүрлі жазу кезінде қағазда бедерлі нүктелерді жасауға арналған құрал.
Қос қолмен оқу	Брайль жүйесінде, екі қолдың саусақтарымен сырғытып оқу әдісі.
Оқытуды даралау	Оқыту әдістерін, қарқынын және мазмұнын нақты баланың ерекшеліктеріне сай бейімдеу.
Колодка	Қағазды бекітіп, бедерлі нүктелердің дұрыс орналасуын қамтамасыз ететін құрал.
Түзету жұмысы	Брайль жүйесімен оқу мен жазуды үйренудегі қиындықтарды жеңуге бағытталған педагогикалық тәсілдер кешені.
Ұсақ моторика	Дұрыс жазу және оқу үшін саусақ пен қол қимылдарының үйлесімділігі.
Брайль жүйесімен жазу дағдысы	Қағазда немесе электронды құрылғыда бедерлі таңбаларды түсіре білу.
Сипап сезу арқылы ажырату	Өртүрлі бедерлі таңбаларды, сызықтар мен пішіндерді тактильді түрде ажырату қабілеті.
Айқас координация (немесе қозғалыс үйлесімділігі)	Дәл жазу және оқу үшін екі қолдың үйлесімді жұмысы.
Кеңістікті бағдарлау	Дұрыс жазу және оқу үшін парақ бетін, жолын және Брайль ұяшығын бағдарлай білу қабілеті.
Көру бақылаусыз (көрмей) жазу	Визуалды бақылаусыз, тек сипап сезуге сүйене отырып, Брайль жүйесімен жазу.
Көру	Визуалды бақылаусыз, тек тактильді қабылдауға сүйене

бақылауынсыз (көрмей) оқу	отырып, Брайль жүйесімен оқу.
Тактильді оқу	Ақпаратты сипап сезу, яғни саусақтар бедерлі нүктелердің бойымен сырғыта оқу арқылы қабылдау.
Нүктелі жазу	Брайль таңбаларын қалыптастыру үшін жеке нүктелерді жасау әдісі.
Тифлопедагог	Көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру саласында жұмыс істейтін педагог
Тифлографика	Сипап сезу арқылы қабылдауға арналған және көру қабілеті бұзылған жандарды оқытуда, түзету-дамыту жұмыстарында және әлеуметтік бағдарлауда қолданылатын бедерлі-графикалық бейнелер мен арнайы көрнекі құралдар жүйесі.
Электронды Брайль құрылғысы	Мәтінді Брайль қарпімен жасауға, көрсетуге және өңдеуге арналған құрылғы.
Брайль ұяшығы	Брайль қарпінің 6 нүктеден (3 нүктеден тұратын 2 баған) құралған ең кіші құрылымдық бірлігі.

Терминдердің өзектілігі мен бірмағыналылығы олардың Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың соңғы өзгерістеріне, сондай-ақ заманауи арнайы педагогика мен психологияның ғылыми-терминологиялық анықтамаларына сәйкестігіне негізделген.

3. Бағдарламаның тақырыбы

3.1. «Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуға үйрету: грифель мен колодкадан электронды брайль құрылғыларына дейін» тақырыбындағы арнайы педагогтердің біліктілігін арттыру курстары білім беру бағдарламасының өзектілігі - онда грифель мен колодкадан бастап, электронды Брайль құрылғыларын (Брайль дисплейлері, Брайль пернетақталары және Брайль бағдарламасы бар құралдар) пайдалануға дейінгі оқыту сабақтастығының жүйелі қарастырылуымен айқындалады, бұл білім беруді цифрландыру жағдайында педагогтерде Брайль сауаттылығын дамыту кезеңдері туралы тұтас түсінікті қалыптастырады.

Бағдарламаның жаңалығы - көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істеудің классикалық тәсілдерін (тактильді, есту, моторлық және когнитивті дағдыларды дамыту) адаптивті құрылғыларды қолданумен ұштастыруында. Мұндай тәсіл педагогтердің білім берудегі мүмкіндіктерін кеңейтуге, сабақтарды даралауға және балаларға қашықтан қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама оқу мен жазу өзара байланысты, бірақ әдістемелік тұрғыдан әртүрлі процестер ретінде қарастыратындай етіп құрылған, бұл тифлопедагогикада ерекше маңызға ие. Сондықтан курста алғаш рет зағип балаларды Брайль бойынша оқу мен жазуға үйретудің практикалық әдістеріне, сондай-ақ баланың түрлі көру бұзылыстары мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру материалдары мен бағдарламаларын бейімдеуге көңіл бөлінген.

Курстың практикалық маңыздылығы оқытудың заманауи интерактивті формалары мен әдістерін пайдаланумен айқындалады: шеберлік сабақтары (мастер-кластар), видеодемонстрациялар, кейс-әдістер және білім беру маршруттарын әзірлеу, бұл алынған білімді кәсіби қызметте бірден қолдануды қамтамасыз етеді.

3.2. Бағдарлама келесі тақырыптарды қамтиды:

1-тақырып. Арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. Көру қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

2-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалар - мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы.

3-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың көру функцияларының жіктелуі. Оқыту процесінде білім алушылардың көру мүмкіндіктерін ескеру.

4-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке оқушыға бағдарланған технологиялар.

5-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы денсаулық сақтау технологиялары. Арнайы білім берудегі заманауи тифлотехнологиялар.

6-тақырып. Брайль жүйесінің тарихи және ғылыми-әдістемелік негіздері. Брайль сауаттылығының қазіргі жай-күйі. Брайль әліпбиі: құрылымы, кодтау принциптері, әріптердің, сандардың, тыныс белгілерінің және арнайы символдардың белгіленуі.

7-тақырып. Тифлографика оқыту құралы ретінде. Тактильді қабылдау – Брайль бойынша оқу дағдыларын қалыптастырудың негізі. Ұсақ моторика мен сипап сезуді дамыту.

8-тақырып. Грифель мен колодканы пайдалана отырып, Брайль жүйесімен жазуға үйрету: әдістемесі, кезеңдері, қиындықтар мен оларды жеңу жолдары.

9-тақырып. Брайль жүйесі бойынша оқу және жазу дағдыларының қалыптасуын диагностикалау және бағалау.

10-тақырып. Брайль жазуын қолдана отырып, қазақ тілі, орыс тілі, математика және басқа да пәндерді оқытудың ерекшеліктері. Бірыңғай орфографиялық режим.

11-тақырып. Электронды Брайль құрылғылары: түрлері, функционалдық мүмкіндіктері, педагогикалық әлеуеті. Оқу процесінде Брайль дисплейлері мен мобильді құрылғыларды пайдалану.

12-тақырып. Оқу орнын дайындау және Брайль жүйесін пайдаланатын білім алушылар үшін оқу материалдарын бейімдеу.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4.1. Бағдарламаның мақсаты: Тыңдаушыларда білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі және заманауи электронды Брайль құралдарын пайдалану арқылы зағип балаларды Брайль жүйесімен оқу мен жазуға үйрету саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.

4.2. Бағдарламаның міндеттері:

1) Тыңдаушыларда Қазақстан Республикасының арнайы білім беру саласындағы заңдары мен заңға тәуелді актілерінің нормаларын пайдалану біліктілігін қалыптастыру;

2) Брайль жазуының тарихымен, құрылымдық принциптерімен және дамуының заманауи тенденцияларымен, соның ішінде дәстүрлі құралдардан электронды құралдарға көшу кезеңдерімен таныстыру;

3) Брайль бойынша оқу мен жазуды жақсы меңгеру үшін қажетті тактильді қабылдауды, ұсақ моториканы және кеңістікті бағдарлауды қалыптастырудың әдістемелік тәсілдерін жетілдіру;

4) оқытудың бастапқы кезеңінде грифель мен колодканы пайдалана отырып, Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуға үйретудің практикалық дағдыларын дамыту;

5) Брайль жазу машинкаларымен және заманауи электронды Брайль құрылғыларымен (Брайль дисплейлері, Брайль пернетақталары және Брайль бағдарламасы бар құралдар) жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру;

6) Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуды үйрену нәтижелерін бағалау және білім алушылардың білім беру маршрутын түзету дағдыларын қалыптастыру.

4.3. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері.

Біліктілікті арттыру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар:

1) Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы заңдары мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерінің нормаларын меңгереді және оларды көру қабілеті бұзылған білім алушыларға білім беруде қолдана біледі;

2) Брайль жазуының пайда болу және даму тарихын, Брайль жүйесін құру принциптерін, сондай-ақ оның дамуындағы заманауи тенденцияларды, соның ішінде электрондық және цифрлық Брайль құралдарын пайдалануды біледі;

3) Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуды үйретудің негізі ретінде тактильді қабылдауды, ұсақ моториканы және кеңістікті бағдарлауды қалыптастырудың әдістемелік тәсілдерін қолдана біледі;

4) көру қабілеті бұзылған білім алушыларды оқытудың бастапқы кезеңінде грифель мен колодканы пайдалана отырып, Брайль бойынша оқу мен жазуға үйретудің практикалық дағдыларын меңгереді;

5) Брайль баспа машиналарымен және заманауи электронды Брайль құрылғыларымен (Брайль дисплейлері, Брайль пернетақталары және Брайль бағдарламасы бар құралдар) жұмыс істей біледі және оларды білім беру процесіне интеграциялауға (кіріктіруге) қабілетті;

6) Брайль жүйесі бойынша оқу және жазу дағдыларының қалыптасу деңгейін бағалауға, оқыту нәтижелерін талдауға және білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, олардың оқу маршрутын түзетуді жүзеге асыруға қабілетті.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

5.1. Бағдарлама 5 модульден тұрады: нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, мазмұндық, технологиялық, вариативтік.

1. Нормативтік-құқықтық модуль.
2. Психологиялық-педагогикалық модуль.
3. Мазмұндық модуль.
4. Технологиялық модуль.
5. Вариативтік модуль.

5.2. **1-модуль.** Нормативтік-құқықтық модуль.

1-тақырып: Арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база. Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» конвенциясы, 1960; БҰҰ «Бала құқықтары туралы» конвенциясы, 1989; БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы декларациясы (1975). Отандық нормативтік-құқықтық негіз: ҚР Конституциясы; ҚР Заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы». Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту (Білім және ғылым) министрлігінің бекіту туралы бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнайы ұйымдардың, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің және оңалту орталықтарының қызметінің үлгілік қағидалары (№385 бұйрық, 2025 жылғы №59 бұйрықтың редакциясында): 63-67 тармақтар: Көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектептер қызметінің тәртібі; «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (№223 бұйрық, 2025 жылғы №33 редакциясында); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары (2025 жылғы №104 бұйрық редакциясында); ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу бағдарламалары.

5.3. 2-модуль. Психологиялық-педагогикалық модуль.

2-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалар - мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Көру қабілеті бұзылған балалардың жалпы сипаттамасы. Танымдық саланың ерекшеліктері (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау). Сөйлеу тілінің дамуы. Эмоциялық-ерік сферасы. Қимыл-қозғалыс дамуының ерекшеліктері.

3-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балалардың көру функцияларының жіктелуі. Оқу процесінде білім алушылардың көру мүмкіндіктерін ескеру. Көру мүмкіндіктерінің функционалдық жіктелуі (классификациясы). Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудың ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктері. Пәнаралық өзара қарым-қатынастың рөлі. Педагогикалық ұсынымдар.

5.4. 3-модуль. Мазмұндық модуль.

6-тақырып. Брайль жүйесінің тарихи және ғылыми-әдістемелік негіздері. Брайль сауаттылығының қазіргі жай-күйі. Брайль әліпбиі: құрылымы, кодтау принциптері, әріптердің, сандардың, тыныс белгілері мен арнайы символдардың белгіленуі.

7-тақырып. Тифлографика оқыту құралы ретінде. Тактильді (сипап-сезу) қабылдау - Брайль бойынша оқу дағдыларын қалыптастырудың негізі. Ұсақ моторика мен сипап-сезуді дамыту. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы тифлографиканың рөлі. Тифлографиканы қолданудың әдістемелік негіздері. Ұсақ моториканы дамыту - жақсы оқытудың шарты. Сипап-сезуді және тактильді саралауды (дифференциацияны) қалыптастыру.

8-тақырып. Грифель мен колодканы пайдалана отырып, Брайль жүйесі бойынша жазуға үйрету: әдістемесі, кезеңдері, қиындықтар және оларды еңсеру жолдары. Грифель мен колодканы қолданып, Брайль бойынша жазудың маңызы. Брайль жүйесінде жазуға үйретудің әдістемелік негіздері.

11-тақырып. Электронды Брайль құрылғылары: түрлері, функционалдық мүмкіндіктері, педагогикалық әлеуеті. Білім беру процесінде Брайль дисплейлері мен мобильді құрылғыларды пайдалану. Электронды Брайль құрылғыларының жалпы сипаттамасы (Брайль дисплейлері, Брайль пернетақталары және Брайль бағдарламасы бар құралдар). Электронды Брайль құрылғыларының функционалдық мүмкіндіктері. Тифлотехникалық және электронды құралдарды пайдалану. Педагогтарға арналған әдістемелік ұсынымдар.

5.5. 4-модуль. Технологиялық модуль.

4-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке тұлғаға бағытталған технологиялар. Жеке тұлғаға бағытталған тәсілдің өзектілігі. Жеке тұлғаға бағытталған технологиялардың ұғымы мен принциптері. Көру қабілеті бұзылған балалардың жеке ерекшеліктері технологияларды таңдаудың негізі.

5-тақырып. Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы денсаулық сақтау технологиялары. Арнайы білім берудегі заманауи тифлотехнологиялар. Денсаулық сақтау тәсілінің өзектілігі. Денсаулық сақтау технологияларының

ұғымы мен принциптері. Денсаулық сақтау технологияларының негізгі топтары. Заманауи тифлотехнологияларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар.

9-тақырып. Брайль жүйесі бойынша оқу және жазу дағдыларының қалыптасуын диагностикалау және бағалау. Диагностиканың мақсаттары мен міндеттері. Диагностикалық бағалаудың негізгі принциптері. Диагностика нәтижелерін пайдалану.

5.6. 5-модуль. Вариативтік модуль.

10-тақырып. Брайль жазуын қолдана отырып қазақ тілі, орыс тілі, математика және басқа да пәндерге оқытудың ерекшеліктері. Бірінғай орфографиялық режим. Брайль жазуын қолдану арқылы оқытудың жалпы ережелері. Брайль жүйесін пайдалана отырып, математикаға оқытудың ерекшеліктері. Брайль жүйесі бойынша жазбаша жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын міндетті талаптар жүйесі. Оқу тапсырмалары мен бақылау жұмыстарын бейімдеу.

12-тақырып. Брайль жүйесін пайдаланатын білім алушылар үшін оқу орнын ұйымдастыру және оқу материалдарын бейімдеу. Қолжетімді білім беру ортасын ұйымдастырудың маңызы. Оқу орнын ұйымдастыру. Зағип (көрмейтін) және нашар көретін білім алушылар үшін оқу материалдарын бейімдеу. Брайльдік оқу материалдарына қойылатын талаптар. Тифлотехникалық және электрондық құралдарды пайдалану. Білім беру ортасын ұйымдастырудағы педагогтің рөлі.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

6.1. Курстық оқытудың ұзақтығы Бағдарлама тақырыбына сәйкес 80 академиялық сағатты құрайды. Оқыту тыңдаушыларды теориялық және практикалық даярлауды көздейді, бұл жаңа білімді тиімді игеруге және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді

6.2. Оқыту екі форматта жүргізіледі:

Күндізгі формат - сабақтар мультимедиялық құралдарды қолдану, тифлотехникалық жабдықтарды көрсету және практикалық сабақтарды өткізу арқылы аудиторияларда өтеді.

Қашықтықтан оқыту форматы - цифрлық білім беру платформалары мен бейнедәрістерді пайдалану арқылы іске асырылады.

6.3. Білім беру процесі келесі белсенді оқыту әдістерін қолдану арқылы ұйымдастырылады:

- Арнайы білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылайтын дәрістер.
- Семинарлар мен дөңгелек үстелдер: қатысушылар нақты педагогикалық кейстер мен нормативтік-құқықтық құжаттарға талдау жасайды.

- Топтық және жұптық практикалық жұмыстар педагогикалық міндеттерді шешу және бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін жүргізіледі.
- Мамандардың өзара пәнаралық әрекеттесу дағдыларын дамытуға арналған тренингтер.
- Арнайы білім беру және тифлопедагогика саласындағы жетекші мамандардың шеберлік сабақтары (мастер-класс).
- Кейс-стади әдісі: көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс кезінде туындайтын педагогикалық жағдаяттарды талдауға және шешуге мүмкіндік береді.
- Интерактивті әдістер: білім беру маршруттарын бірлесіп жобалау және түзету сабақтарын модельдеу.

6.4. Педагогтердің Бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін келесі шаралар қарастырылған:

- Шағын топтарда жұмыс істеу және кейіннен нәтижелерді талқылау.
- Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытуды ұйымдастыруға қатысты білім беру құжаттамасын талдау.
- Арнайы білім берудің теориясы мен практикасының түйінді мәселелері бойынша пікірталастар өткізу.
- Арнайы мекемелердегі көшпелі практикалық сабақтар.
- Жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша педагогтердің командалық жұмыс тренингі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

7.1. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету төмендегілерді қамтиды:

1. Тақырыптарды, оқу жоспарлары мен ұсынылатын әдебиеттер тізімін қамтыған педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы.
2. Курстың негізгі тақырыптары бойынша, соның ішінде тифлотехникалық құралдарды қолдануды көрсететін мультимедиялық презентациялар мен бейнематериалдар .
3. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін талдауға арналған тест үлгілері, диагностикалық карталар және бағалау әдістері бар үлестірме материалдары.
4. Үлгілік оқу бағдарламасын бейімдеу және көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру бойынша иллюстрацияланған құралдар.
5. Тифлопедагог пен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының құжаттама үлгілері, оның ішінде жеке оқу маршруттарының нысандары, түзету жұмыстарының жоспарлары, ата-аналармен қарым-қатынас жасау бойынша ұсыныстар.

6. Пәннің тиімділігін бағалауға арналған кері байланыс парақтары, сонымен қатар бақылау жұмыстары мен курс тыңдаушыларының өздік жұмысына арналған материалдар.

7.2. Барлық оқу-әдістемелік материалдар арнайы білім берудің заманауи талаптарына сай бейімделген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарын ескере отырып әзірленген.

7.3. Курс аясында теориялық сұрақтарды өз бетінше зерделеу, тапсырмаларды орындау және тыңдаушыларға консультациялық қолдау көрсету үшін электрондық білім беру ресурстары мен мамандандырылған цифрлық платформаларды пайдалану қарастырылған.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

8.1. Курс шеңберінде тыңдаушылардың дағдыларын қалыптастыруды және білімдерін бағалауды бақылау мақсатында теориялық материалды игеруді талдауға және практикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған бағалаудың әртүрлі әдістері қолданылады.

8.2. Оқыту барысында бақылаудың келесідей түрлері жүргізіледі:

Жедел сауалнамалар - теориялық білімді игерудің ағымдағы деңгейін тексеру мақсатында дәріс және семинар сабақтары барысында жүргізіледі.

Өзіндік жұмыс - жеке тапсырмаларды орындауды көздейді.

Практикалық тапсырмалар - оқу материалдарын әзірлеу, бағдарламаларды бейімдеу және білім беру маршруттарын жобалау бойынша топтық және жеке жаттығуларды орындау.

Тренингтер мен пікірталастар - өзара кәсіби өзара іс-қимылды дамытуға, нақты педагогикалық жағдайларды талқылауға және тиімді шешімдерді іздеуге бағытталған.

Қорытынды тест - тестілеуді, ситуациялық міндеттерді талдауды және әзірленген бағдарламаларды қорғауды қамтитын оқытудың соңғы кезеңі.

8.3. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған барлық тапсырмалар, тест сұрақтары, сауалнамалар мен әдістемелік ұсыныстар курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

8.4. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін курс тақырыптарының әрқайсысы бойынша бақылау тапсырмалары әзірленеді. Кері байланыс негізінде бағдарлама мазмұнына түзетулер енгізіледі, қосымша әдістемелік материалдар, құжаттама үлгілері, әдебиеттер тізімі, бейнематериалдар және дидактикалық материалдар іріктеледі.

8.5. Қорытынды бақылау жұмысы келесі критерийлер бойынша бағаланады:

Іске асырылмаған - дұрыс жауаптар ұсынылмаған немесе дұрыс жауаптардың үлесі 30%-дан төмен.

Ішінара іске асырылған - дұрыс жауаптардың үлесі 50%-дан төмен.

Орташа деңгейден жоғары іске асырылған - дұрыс жауаптардың үлесі 50%-дан 70%-ға дейін.

Толық іске асырылған - дұрыс жауаптардың үлесі 70%-дан 100%-ға дейін.

8.6. Курсты сәтті аяқтау және сертификат алу үшін қорытынды бақылау жұмысы бойынша кемінде 70% дұрыс жауап болуы қажет.

8.7. Қорытынды бағалау нәтижелері бағдарламаны одан әрі жетілдіру, қосымша тақырыптарды енгізу, әдістемелік ұсынымдарды жақсарту және тыңдаушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу үдерісін түзету үшін пайдаланылады.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

9.1. Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеу алынған білім мен дағдыларды қолдауға және дамытуға, оларды білім беру қызметінде практикалық тұрғыда қолдануға, сондай-ақ одан әрі кәсіби жетілуге бағытталған.

9.2. Курстан кейінгі сүйемелдеге жеке және топтық консультациялар жатады – олар тыңдаушылардың практикалық қызметі барысында туындайтын күрделі мәселелерді түсіндіру мақсатында күндізгі және қашықтан (оның ішінде бейнеконференция режимінде) форматта өткізіледі.

9.3. Курстан кейінгі сүйемелдеу барысында педагогтердің кәсіби өсуіне мониторинг жүргізіледі, қосымша оқытуға деген қажеттіліктер анықталады, біліктілікті одан әрі арттыру бойынша ұсынымдар әзірленеді.

10. Әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (01.09.2024 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналықпедагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-II Заңы.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша.

4. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы (03.07.2023 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

6. Бастауыш білім беру деңгейінің инвариантты компоненті МШ балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.02.2020 ж. №51 бұйрығы.

7. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы - ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.08.2023 № 249 бұйрығының редакциясында.

8. Абаева Г.А. Шақанова Р.К. Методическое пособие по работе с рельефно-точечной грамотой. Алматы, ТОО «Центр САТР», 2025 г.

9. Вишневская Т.А. Разработка индивидуальных коррекционно-развивающих программ для незрячих детей дошкольного возраста. Алматы, ННПЦ КП, 2017 г.

10. Вишневская Т.А. учебное пособие по тифлографике. Алматы, ТОО «Центр САТР», 2018 г.

11. Верещага И.В., Моисеева И.В., Пайкова А.М. Психолого-педагогическая диагностика детей с тяжелыми и множественными нарушениями развития, включающими нарушения зрения и слуха / Под ред. А.М. Пайковой. – М., 2017.

12. Грачева Л.И., Гуськова В.А. Тифлорекоррекционное обучение слабовидящих дошкольников по системе Брайля. Москва: Просвещение, 2013. Практический опыт коррекционной работы с дошкольниками с нарушениями зрения.

13. Денискина В.З. Особые образовательные потребности, обусловленные нарушениями зрения и их вторичными последствиями // «Дефектология». - 2012. - №5.

14. Денискина В.З., Фатьянова Г.А. К вопросу об обучении детей с нарушением зрения чтению и письму по системе Брайля. Журнал «Коррекционная педагогика», 2015, № 2, с. 45–52. Статья с обзором педагогических подходов к брайлевскому обучению детей с нарушениями зрения.

15. Дружинина Л.А. Пример индивидуальной пропедевтической коррекционной программы обучения ребенка дошкольного возраста с тяжелой патологией зрения (развитие зрительного восприятия): Учебно-методическое пособие / Л.А. Дружинина. – Челябинск, 2010.

16. Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогтики: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения. Москва: Изд-во МПГУ, 2012. Учебное пособие для студентов и педагогов с разделами по обучению чтению и письму по Брайлю.

17. Никулина Г.В. Обучение письму и чтению по рельефно-точечной системе Брайля: Методические материалы. Москва: МИРОС, 2010. Электронное и печатное издание, включающее примеры уроков, упражнения и планы занятий.

18. Потешина М. (под ред.). Практическое руководство по освоению системы Брайля для поздноослепших. Книга 1. Москва: МИПО РЕПРО, 2012.

Методическое пособие для работы с подростками и взрослыми, начинающими обучение Брайлю.

19. Семевский Н.А. Тифлографика и обучение незрячих детей. Санкт-Петербург: Изд-во РГПУ, 2005. Исторические и теоретические основы рельефно-графической подготовки к обучению письму и чтению по системе Брайля.

20. Фомичева Л.В. Клинико-педагогические основы обучения и воспитания детей с нарушением зрения. – СПб, 2007.

21. Шведова Н.П. Рельефная наглядность для слепых / Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. - 2013 - N 1.

«Брайль жүйесі бойынша оқу мен жазуға үйрету: грифель мен колодкадан электронды Браиль құрылғыларына дейін» педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасына қосымша.

Күндізгі оқу нысанындағы курстың тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Дәріс	Практ. сабақ	Шеберлік сабағы	Дөңгелек үстел	Сынақ	Барлығы
1	1-модуль. Нормативтік-құқықтық модуль.	4	2				6
1.1	Арнайы білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база.						
1.2	Көру қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері.						
2	2-модуль. Психологиялық-педагогикалық модуль.	6	6				12
2.1	Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы - көру қабілеті бұзылған балалар.						
2.2	Көру қабілеті бұзылған балалардың көру функцияларының жіктелуі. Оқу процесінде білім алушылардың көру мүмкіндіктерін ескеру.						
3	3-модуль. Мазмұндық модуль.	8	12				20
3.1	Брайль жүйесінің тарихи және ғылыми-әдістемелік негіздері. Браиль сауаттылығының қазіргі жай-күйі. Браиль әліпбиі.						
3.2	Тифлографика оқыту құралы ретінде.						
3.3	Грифель мен колодканы пайдалана отырып, Браиль бойынша жазуға үйрету: әдістемесі, кезеңдері, қиындықтар және оларды еңсеру жолдары.						

3.4	Электронды Брайль құрылғылары: түрлері, функционалдық мүмкіндіктері, педагогикалық әлеуеті.						
4	4-модуль. Технологиялық модуль.	4	12				16
4.1	Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы жеке бағдарланған технологиялар.						
4.2	Көру қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы денсаулық сақтау технологиялары. Арнайы білім берудегі қазіргі заманғы тифлотехнологиялар.						
4.3	Брайль жүйесі бойынша оқу және жазу дағдыларының қалыптасуын диагностикалау және бағалау.						
5	5-модуль. Вариативті модуль.	4	14				18
5.1	Брайль жазбасын қолдана отырып, оқу пәндерін оқытудың ерекшеліктері.						
5.2	Брайль жүйесін пайдаланатын білім алушылар үшін оқу кеңістігін ұйымдастыру және оқу материалдарын бейімдеу.						
	Барлығы	26	46				72